



# ЖЕТІСІ

## шұғылması

№25 (8913)  
жұма 24 маусым  
2022 жыл

Eskeldi\_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

◆ KULTÖBE

**Мемлекет басшысы апта басында Қатарда іс-сапарда болып, Қатар экономикалық форумына қатысты. Әуелі Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі Тамим бен Хамад Әл Тәнидің жеке шақыруымен «Жаһандық экономиканы қалыптастыруда теңдікке қол жеткізу» атты екінші Қатар экономикалық форумының ашылу рәсіміне қатысты.**

Аталған маңызды іс-шара «Bloomberg» агенттігінің қолдауымен ұйымдастырылды және шейх Тамим бен Хамад Әл Тәнидің қамқорлығымен өткізіліп отыр.

Жиын «Мемлекеттердің экономикалық дағдарыстан шығу мәселесі» тақырыбына арналған. Форум жұмысына Мемлекет басшысынан бөлек Того Президенті Фор Гнассингбе, Намибия Президенті Хаге Гейнгоб, Грузияның Премьер-министрі Ираклий Гарибашвили, сондай-ақ Еуропа, Азия және Африка елдерінің бірқатар министрі мен үкіметтерінің лауазымды тұлғалары қатысады.

Сонымен қатар форум сессияларына Honeywell, Asyad Group, Ислам даму банкі, Tesla, Qatar Airways, The Boeing Company, QatarEnergy, Kuwait Petroleum Corporation, Southwest Holdings, Accor, Marriott International, Tingo, National Petroleum Corporation of Namibia, MeTL Group, Volkswagen, Dorna Sports, International Airlines Group, Infarm, Vitol, Franklin Templeton, Thyssenkrupp, Roubini Macro Associates, DAMAC Properties, Trip.com Group, Standard Chartered, Exxon Mobil Corporation, Google Cloud және басқа да халықаралық жетекші

### Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ УКРАИНА-РЕСЕЙ ШИЛЕНІСІНДЕ БЕЙБІТ БІТІМГЕ КЕЛУІ ҮШІН ОҢ ЫҚПАЛ ЕТУІ КЕРЕК



корпорациялар мен ұйымдардың басшылары жиналды. Форумды Қатар Әмірі Тамим бен Хамад Әл Тәни ашты.

Мұнан соң президент Қасым-Жомарт Тоқаев «In Conversation with President Tokayev» атты арнайы панельдік сессияға қатысты. Жиынға

«Bloomberg Television» жүргізушісі Манус Крэнни модераторлық жасады. Сұрақ-жауап форматында

өткен ашық талқылау барысында Қазақстан президенті халықаралық саясаттағы сын-қатерлер бойынша, әсіресе Еуропада болып жатқан геосаяси текетіретестер аясында Ресей-Украина қақтығыстары төңірегіндегі оқиғаларға қатысты бірқатар сұраққа жауап берді.

Ресей-Украина қақтығысын бейбіт жолмен шешу жолдарына қатысты сұраққа жауап берген Қазақстан президенті келіссөздерді жалғастыра берудің маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл қақтығысты шешуге тараптардың ерік-жігері қажет. Сонымен қатар Мемлекет басшысы халықаралық қауымдастықтағы пікір қайшылығы мен аталған мәселені шешуде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қауқарсыздық танытып отырғанына тоқталды.

– БҰҰ ешқашан мұндай ыңғайсыз жағдайға тап болған емес. Тіпті «Қырғи-қабақ соғыс» кезінде де Біріккен Ұлттар Ұйымының бірлігі мұнан әлдеқайда мығым еді. Мен БҰҰ-ның болашағына қатты алаңдаймын. Осы ретте, көпқырлы саясатқа сенемін. Бұл ретте мен халықаралық қауымдастықтың бірлік танытып, ынтымақтаса отырып, екі мемлекеттің бейбіт бітімге келуі үшін оң ықпал етуі керек деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Ресейге салынған ауыр санкциялық саясат салдарынан Қазақстан қандай экономикалық зардап шегуі мүмкін деген модератордың сұрақтарына жауап берді.

**Ашық әңгіме барысында әлемдік энергетика нарығында қалыптасқан қазіргі жағдайға, халықаралық сауда мәселесіне байланысты ғаламдық сын-қатерлер де талқыланды.**

◆ ALAMAN

## ТАУ БӨКТЕРІНДЕГІ ТАРТЫСТЫ ДОДА

**Жуырда аудандағы Екпінді ауылында орналасқан «Тау-Жетісу» демалыс аймағында парапланерлік спорттың дәлме-дәл қону түрінен әлем кубогы аяқталды. 27 мемлекеттің 100-ден аса спортшысы бас қосқан дүбірлі доданың ұйымдастырылуына шетелдік қонақтар таңдай қағысты. Өйткені, тек ауданның не облыстың мәртебесін ғана емес, тұтас елдің абыройын асқақтатар бәсекеңің мәні зор.**



16-маусымда жалауы желбіреген халықаралық доданың ашылуына аудан әкімі Рустам Әли қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Тек ауданның емес, тұтас өңірдің жанашырына айналған аудан басшысы Жетісу жерінің тарихына үш тілде кеңінен тоқталды. Келген спортшыларға толық ақпар бере келе, әр командаға естелік сыйлық табыс етті. Одан кейін Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Алматы Үшкөмпір сөз сөйлеп, спортшыларға тілегін білдірді. Доданың ашылу салтанатынан кейін меймандарға ән мен жырдан шашу шашып, қазақтың ақшаңқан үйлері тігіліп, салт-дәстүрімізден сыр шертетін шағын көрме таныстырылды. Сонымен қатар, ұлттық тағам ұйымдастырылып, қонақтарға дастарқан жайылды.

Ауданда екінші мәрте өтіп отырған әлемдік доданың шартына сай

бәсекеге қатысушылар таудан парапланмен ұшып, белгіленген нүктеге дәл түсулері керек. Кіл мықтыда кім мықты деген. Жарыс қорытындысына сай жасөспірім ұлдар арасында Түркия азаматы Керем Динчер шашасына шаң жұқтырмай, бас жүлдені қанжығасына байласа, Корей елінің өкілі Джин Хун Юу жүлделі екінші орынға жайғасты. Ал Түркияның келесі өкілі Харун Карэтеке үздік үштікті түйіндеді. Қыздар арасында доданың барлық жүлдесін отандастарымыз еншілерді. Бас жүлдені Аделъ Ниязова меншіктесе, екінші және үшінші орында Альбина Виршки мен Яна Асқар өзара бөлісті. Ерлер арасында түркиялық Умит Акшил қарсылас шақ келтірмесе,

екінші орынға жерлесіміз Алмас Ахметов, үшінші орынға сербиялық Драган Попов жайғасты. Әйелдер арасында оңтүстіккореялық Дагием Лиге шақ келер ешкім болмады. Есесіне екінші орынды түбіміз бір түрік елінің өкілі Мерви Канмаз қанжығасына байласа, үшінші орынға Дагием Лидің отандасы Донча Янг жайғасты. Жарыс қорытындысына сай ересектер арасындағы жалпы командалық есепте Сербия көш бастаса, Тайланд екінші орынды місе тұтып, үшінші орынға Түркия жайғасты.

Айтпақшы, атаулы халықаралық байқаудан соң, 21-маусымда Екпіндідегі «Тау-Жетісу» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде

атаулы спорт түрінен Азия чемпионатының да шымылдығы түрілді. 29-маусымға дейін жалғасатын додаға БАӘ, Бахрейн, Сауд Арабиясы, Иран, Қазақстан, Үндістан, Моңғолия, Корея, Тайланд, Алжир, Сербия, Жапония, Чехия, Эстония, Оман, Өзбекстан, Албания сияқты 17 елден 70-тен астам спортшы қатысуды. Салтанатты жиынға кездесу жөніндегі директор - Рустам Абубақиров, стюарт - Риека Вилкуна, қазылар алқасының президенті - Зелько Овука, қазылар алқасының мүшесі - Туул Чоксомжаев, бас төреші - Кунген Пак қатысты. Алдағы нөмірлерде атаулы Азияның байрақты бәсекесінің қорытындысы туралы жазатын боламыз.

### ◆ АРТА АҒҰМҮНДА

## ТӘЛІМІ МОЛ ЖИЫН

Жуырда аудан әкімдігінің мұрындық болуымен мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен тәжірибесін молайту мақсатында семинар-тренинг өтті. Қарабұлақта өткен жиында ауданға қарасты ауылдық округ әкімдігі мамандары мен аудандық бөлімдердің қызметкерлері қатысқан жиында республикалық және облыстық газет-журналдардың, телеарналардың, ақпараттық порталдардың белді қызметкерлері баяндама жасап, мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыру жайында сөз етті.

## БАЛАЛАРҒА ҚАНАТ БІТІРДІ

Жақында аудан әкімі Рустам Али «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесті. Балалар үшін бұл жағымды жаңалық һәм тосын сый болды. Жиын барысында аудан басшысы балаларға пайдалы және қызықты ойларымен бөлісіп, балаларға болашаққа оң кеңес берді. Балалар қазір жазғы демалыс лагерінде. Бүгінде «Айналайын» балалар үйінде 101 бала тәрбиеленуде, оның 99-ы мектепте оқиды.

# ШЕКАРАШЫЛАРДАН ҮЛГІ АЛ

**Еліміздің оңтүстік астанасында жыл сайын өтіп тұратын ұзақ қашықтықтағы марафонға үзбей қатысып келе жатқан салауатты өмір салтын ұстанушылардың қатарында біздің шекарашыларымыз да бар.**



Негізі, шекарашылардың спортқа жақындағы ешкімге таң емес. Өйткені, ел шебінің қызметі осыны талап етеді. Ал, қаладағы спортсүйер қауымды өзіне магнитше тартатын марафондардан ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіндегі біздің бірқатар шекарашы әріптестеріміз де қағыс қалған емес. Бұл – майорлар Абай Сапаров, Алмас Болатханов, Ернар Исанов және Балжан Мадраимовалар.

Солардың ішінен департамент бөлімшесінің бастығы майор А.Сапаровтың жеңіл атлетикадан жинаған тәжірибесі мол. Бұлай дегеніміз, офицер алып шаһардағы 42,2 шақырымдық марафонға 2017 жылдан бері үзбей қатысып келеді. Өзі ҰҚК Шекара академиясының түлегі. Ал, шекарашылар академиясының спорт түрлеріне, оның ішінде жеңіл атлетикаға аса мән беретіні белгілі.

Қуанарлығы сол, майор А.Сапаровтың тұла бойы тұңғышы 15 жасар Алихан да 2018 жылдан бері марафоншы. Екінші ұлы Ералы да жеті жасынан бастап желаяқ атанған. - Баба жұрт «Әкеге қарап ұл өсер» деп бекер айтпаса керек. Ұлдарымды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету үшін «Мен секілді жаса» қағидасын ұстанып, марафонға қатысуды бастадым. Қазір 42 шақырымға жүгіремін... Ұлдарым да әкелерінен қалысар емес. Бұл мені қуантады, - дейді майор А.Сапаров.

Майор Ернар Исанов қала халқы ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінен

желаяқтар қатысатын «Алматы-марафон» шарасына 2019 жылдан бері қатысып келеді. Бұған қоса, офицер өзі білім алған ҰҚК Шекара академиясының 90 жылдығына орай ұйымдастырылған велосерудің қатысушысы. Десек те, өзінің хобби – қолы қызметтен қалт еткенде тау-тасқа өрмелеу, өсем табиғаттың аясында серуендеу көрінеді. Бүгінге дейін марафондарға қатысып, 10 медаль таққан біздің әріптесіміз әзірге 21,1 шақырымды місе тұтса, мұны болашақта 42,2-ге дейін жеткізуді алдына мақсат етіп қойған.

Ал кезекті желаяғымыз майор Алмас

Болатханов жүгіруді өткен жылдан бастапты. Сондықтан офицердің қоржынында әзірге үш медаль бар. Қаланың тайлы-тұяғы қалмай қатысатын марафонға Алмас әу баста інілерін спортқа баулу үшін барған көрінеді. Есесіне, ол тау десе елендеп, мұнар тау мен мұзарт шыңды аңсап тұратынның нақ өзі. Бұл – офицердің тау ішінде қызмет атқару кезінде тастан-тасқа ортекедей орғып кете беретінін білдірсе керек-ті...

Ерлердің арасындағы жалғыз қызғалдақ-майор Балжан Мадраимованың да «Алматы-марафон» ауқымды жарысына

қатысқанына көп өтпепті. Өткен жылдың қазан айында желаяқтардың сапына қосылған ол әзірге 10 шақырымдық қашықтықты басып өткені үшін үш медалдың иегері атанған.

Алматы облысы бойынша департаментінің салауатты өмір салтын ұстанған марафоншылары туралы әзірге айтарымыз осы! Олар туралы мақаламызды алдағы уақытта да жалғастыратынымызға бек сенімдіміз.

**Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА.**  
**ҰҚК Шекара қызметінің запастағы подполковнигі.**

## ЖҮРГІЗУШІ КҮӘЛІГІН ОНЛАЙН АУЫСТЫРУ

**Жүргізуші куәлігіңіздің мерзімі аяқталып қалды ма? Келесі нұсқаулық бойынша әрекет етсеңіз чектің көшірмесін, нарко-және псих-диспансерлердің анықтамасын, басқа да құжаттарды жинап, автоХҚО-ға барып өңдеу болмайсыз.**

1. Egov.kz порталында кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөлімінен өзіңізге қажетті «Жүргізуші куәліктерін беру» опциясын таңдаңыз және онлайн тапсырыс беріңіз;
  2. Егер айыппұлдарыңыз болса, алдын ала төлеп қойыңыз;
  3. Дайын құжатты алып кетуге ыңғайлы автоХҚО-ны таңдаңыз;
  4. Қан тобыңызды көрсетіңіз;
  5. Белгілі үлгіде түсірілген фотоңызды жүктеңіз;
  6. Ақ қағазға қол қойып, қолтаңбаның фотосын жүктеңіз;
  7. Куәлігіңізде, мысалы көзділік секілді ерекше белгілер болса көрсетіңіз. Телефон нөміріңізді жазып, өтінішке ЭЦП арқылы қол қойыңыз;
  8. 1,25 АЕК көлемінде мемлекеттік баж төлеңіз;
  9. Құжаттың дайн болғаны туралы sms келген соң, автоХҚО-ға барып алып кетесіз.
- Жеке куәлік және ескі жүргізуші куәлігіңізді ұмытпаңыз.

### Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына 10-қосымша Нысан

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. Ескелді ауданының әкімдігі аппараты 2022 жылғы «24» маусым Қарабұлақ ауылы Оразбекова №67 мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен ауыларалық тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:  
№1 Маршруты

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер қала (облыс, аудан) әкімінің аппаратына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қарабұлақ ауылы Оразбекова №67 мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурсстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2022 жылғы «25» шілде.

6. 2022 жылғы «25» шілде конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: 8 (72836) 3-00-13.

Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін тиісті лот бойынша Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) Комиссияға конкурстық құжаттамаға қоса берілген конвертке салынған мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) қатысушы туралы ақпараттың толтырылған бланкісін;
  - 2) өз қызметін заңды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын заңды тұлғаны немесе кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін немесе анықтаманы;
  - 3) сақтандыру полистерінің немесе автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының көшірмелерін;
  - 4) жылжымалы құрамның әрбір бірлігі үшін техникалық паспорттардың және ағымдағы кезеңде жарамды міндетті техникалық тексеруден өту туралы диагностикалық карталардың көшірмелерін. Бұл ретте жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды резервтік ретінде, ал резервтік негізгі ретінде ұсынуға жол беріледі. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі жылжымалы құрам ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды негізгі ретінде ұсынуға жол берілмейді;
  - 5) жүргізушілер құрамы туралы анықтама (әрбір жүргізуші бойынша еңбек шарттарының және жүргізуші куәліктерінің көшірмелерін қоса);
  - 6) маршруттың барлық ұзақтығына диспетчерлік сүйемелдеудің және телефонның немесе басқа байланыстың болуы, сондай-ақ техникалық себептер бойынша (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) маршрутта олардың қозғалысы тоқтаған жағдайда автобустарды ауыстыру мүмкіндігі туралы анықтаманы;
  - 7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30-сәуірдегі №547 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12221 болып тіркелген) Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі талаптарына сәйкес жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде ұстау бойынша қажетті жұмыстар кешенін өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан өнеркәсіптік-техникалық базаға құқық белгілейтін және құқықтық куәландыратын құжаттар, профилактикалық медициналық куәландыруды жүзеге асыруға жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломның көшірмесін қоса бере отырып, медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;
  - 8) жолаушылар мен багажды маршруттың тоқтау пункттері бойынша, соның ішінде маршруттағы екінші дәрежелі тоқтау пункттері бойынша (қалалық және қала маңындағы маршруттардан басқа) тасымалдауға ұсынылатын тарифтер;
  - 9) барлық тұрақты маршрут бойынша автобустар жүргізушілерінің ауысу уақыты мен орнын көрсетумен (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) жүргізушілердің еңбек және тынығу режимі графигін;
  - 10) толтырылған және қатысушының қолымен және мөрімен (бар болса) расталған, конкурстық құжаттама жиынтығына салынған нысандардың санына тең мөлшердегі конкурстық ұсыныстарды.
- Конкурстық ұсыныстар стандартты ақ парақтарда біркелкі, түзетулерсіз және өшірулерсіз ресімделеді. Құжаттармен қоса берілген өтінім нөмірленеді, тігінделеді және конкурсқа қатысушының қолымен, мөрімен (бар болса) бекітіледі.

### Приложение 10 к Правилам перевозок пассажиров и багажа автомобильным транспортом Форма

Объявление о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа.

Аппарат акима города Ескельдинского района объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов внутри поселковых автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 24 июня 2022 года по адресу: с. Карабулак ул. Оразбекова 67.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты):  
Маршрут №1
3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.
4. Желающие принять участие в конкурсе представляют в аппарат акима города Ескельдинского района письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов по адресу: с. Карабулак ул. Оразбекова 67.
5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в Конкурсе: «25» июля 2022 года.
6. «18» июля 2022 года конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.
7. За справками обращаться по телефонам: 8(728363-00-13).

Для регистрации в качестве участника Конкурса необходимо представить в Комиссию заявку на участие в Конкурсе по соответствующему лоту (далее - заявка), с приложением следующих документов, вложенных в прилагаемый к конкурсной документации конверт:

- 1) заполненный бланк информации об участнике;
- 2) копию свидетельства или справку о государственной регистрации юридического лица или предпринимателя, осуществляющего свою деятельность без образования юридического лица;
- 3) копии страховых полисов или договоров обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев автотранспортных средств и договоров обязательного страхования гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами;
- 4) копии технических паспортов и диагностической карты о прохождении обязательного технического осмотра действительных на текущий период на каждую единицу подвижного состава. При этом подвижной состав, задействованный на других маршрутах регулярных автомобильных перевозок пассажиров и багажа в качестве основного, допускается представлять как резервный, а резервный основным. Не допускается представление подвижного состава в качестве основного, который задействован на других регулярных автомобильных маршрутах перевозок пассажиров и багажа как основной подвижной состав;
- 5) сведения о водителем составе (с приложением копий трудовых договоров и водительских удостоверений по каждому водителю);
- 6) сведений о наличии диспетчерского сопровождения и телефонной или другой связи на протяжении всего маршрута, а также о наличии возможности замены автобуса в случае прекращения их движения на маршруте по техническим причинам (по междугородным межобластным маршрутам);
- 7) копии документов, подтверждающих возможность проведения необходимого комплекса работ по поддержанию подвижного состава в технически исправном состоянии в соответствии с требованиями, установленными Правилами технической эксплуатации автотранспортных средств, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 апреля 2015 года № 547 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 12221), в том числе правоустанавливающие и правоудостоверяющие документы на производственно-техническую базу, расположенную на территории организатора конкурса, копии договора с медицинским работником на осуществление профилактического медицинского освидетельствования с приложением копии диплома о высшем или среднем медицинском образовании;
- 8) предлагаемые тарифы на перевозку пассажиров и багажа по остановочным пунктам маршрута, в том числе и между второстепенными остановочными пунктами на маршруте (кроме городских и пригородных маршрутов);
- 9) график режима труда и отдыха водителей на протяжении всего регулярного маршрута с указанием времени и места смены водителей автобусов (по междугородным межобластным маршрутам);
- 10) заполненные и заверенные подписью и печатью (при наличии) участника конкурсные предложения в количестве, равном количеству форм, вложенных в комплект конкурсной документации.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

# «ОТБАСЫН АСЫРАУ ҮШІН ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН, ЗАҢҒА БАҒЫНАТЫН АДАМДАР ҚҰРМЕТКЕ ИЕ БОЛУ КЕРЕК»

Жуырда Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысына қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде, ең алдымен жиынға арнайы шақырылған делегаттарды құттықтап, Ұлттық құрылтайдың алғашқы жиыны бабалар салған дәстүр бойынша Ұлытауда өтіп жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы ең бірінші кезекте республикалық референдумда үлкен өзгерістерге ниет білдірген, дауыс беріп қолдаған халыққа зор алғысын жеткізді.

– Отбасымен барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты. Көпшілік Ата заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұдан былай барша еліміздің жаңаратынын айтты. Алайда, Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтынын атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев ол үшін үлкен-кіші, жас-көрі бәрі бір кісідей жұмылып жұмыс істеп, ерінбей еңбек етулері керек екеніне тоқталды. Мемлекет басшысы елді бір іске ұйыстыру мақсатымен Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтергенін айтты.

– Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып,



тапты, – деді Президент. Ұлттық құрылтайдың құрамында 117 адам болады. Құрылтай барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдерін қамтиды. Бұнда азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесі, жаңаша ойлайтын жастардың тың идеялары ортаға салынады.

айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз, – деді Президент. Мемлекет басшысы елдің ең басты құндылығы егемендік екеніне назар аударып, қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстанда саяси белсенділік артқанын атап өтті. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстар пайда бола бастағанын, түрлі алаңдарда әртүрлі пікірлер айтылып жатқанынан хабардар екенін айтты.

– Қоғам белсенділері әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақылға сыймайтын пайымдар да айтылады. Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Заңды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы – мүлтіксіз орындалуға тиіс екенін әрдайым есте ұстау қажет. Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың бірден-бір келілі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, ұлтты ұйыстыратын бірінші қасиет атаққұмарлық емес, еңбекқорлық. – Отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болу керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жұрдай блогерлер және масылдық пиғылдағы айқай шығаратын

адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жүргізіліп жатқан реформалардың мән-маңызын халыққа дұрыс түсіндіруді екінші маңызды міндет ретінде атады. Қазір бұл жаңғырулар біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастаған.

Мемлекет басшысы халықтың жаңа технологиялар арқылы ауқымды реформаларға қатысуын үшінші маңызды міндет ретінде атады. – Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен Qirgultay деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне де өзгеріс енгізген жөн деп есептейді. Мәселен, Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертпестен, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. – 1990 жылы 25-қазанда

Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда әсіресе әлеуметтік желілерде көп талқыланып жүрген кадр, яғни мамандар мәселесіне назар аударды. – Әлеуметтік желіде «Ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады?» дейтіндер бар. Бұл – орынды сұрақ. Бірақ, негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек. Тіпті, кезінде Ресейде, Қытайда, Иранда болған революциялардан кейін де бұрынғы режимнің шенеуніктері мемлекеттік қызметін жалғастырған. Бұл елдермен салыстырғанда біздегі жағдай, әрине, мүлде басқаша. Жалпы, мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті, оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер бар. «Шенеунік» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Бірақ, өкінішке қарай, «Бір қарын майды бір құмалақ шірімеді» деген де бар. Ондай адамдармен біз бірден қоштасып жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің мәртебесіне де тоқталды.

– Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғазаса жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында осыған дейін қазақ қоғамын толғандырған келелі мәселелердің бірін Ұлытауда, Ордабасыда, Мәртебеде, Күлтөбеде өткен осындай кеңестерде шешілгенін айта келіп, Ұлттық құрылтайдың келесі жиынын Түркістанда өткізуді ұсынды.

Жиында Мемлекет басшысынан бөлек Ұлттық құрылтайдың 10 мүшесі сөз сөйледі. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтайды жүргізді. Құрылтай отырысының соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ақын Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беріп, «Отан» орденін тақты.



бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Құрылтайды ұлы бабалар кеңес құрған Ұлытаудан бастап отырғанының мәнін түсіндірді.

– Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын орда өміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған. Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын

Мемлекет басшысы ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына сенем білдірді. Сөйтіп, алты Алаштың баласы жиналған алқалы жиында алғашқы тапсырмасын да берді.

– Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ, бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулелі нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән берілуі керек. Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай жұмысы барысында басшылыққа алынуы тиіс үш негізгі мәселені атады.

– Бірінші. Жалпыұлттық бірлікті нығайту. Ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға



**ҚАУІПСІЗДІК  
ҚАЛҚАНЫ**

◆ **ШЕБЕР**

**ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ АТАСЫ**

Әдебиет әлемінде өзіндік орны бар, өрнегі бар жанрдың бірі – детектив. Осынау жанр мен қазақ әдебиетінің байланысы, қарым-қатынасы туралы айтқанда еске ең алдымен көрнекті жазушы Кемел Тоқаев түсетіні анық. Қасиетті Қаратал өңірінің тумасы қазақ мәдениеті мен әдебиетіне сүбелі үлес қосқан азаматтың бірі. Осы орайда көрнекті жазушының өмірі мен шығармашылығы жайлы аз кем тоқталып өтуді жөн көрдік.

Қазақ детективінің атасына баланған жазушы 1923 жылы 2 қазанда Алматы облысы, Қаратал ауданында дүниеге келген. Кемел Тоқаев соғыс заманның тауқыметін жастайынан көріп өскен буынның өкілі. Алайда оны оқу-білімге деген құштарлығы барлық кедергіден мойымай өтуге жетелеген болатын. Бозбала шағында майдан даласына аттанып, екінші дүниежүзілік соғыстың алдыңғы саптарында айқасты. Сталинград соғысында танк полкінде жанкештілігімен көзге түсіп, кейінірек Украина, Беларусь, Польша секілді мемлекеттерді азат ету операцияларына араласты. Өрімдей жас шағында оқ пен оттың ортасында жүрді. Кемел Тоқаев бірнеше рет ауыр жараланды, тіпті, жарақатының ауырлығына байланысты елге оралуға мәжбүр болған. «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғау үшін» секілді тесбелгілермен марапатталған болатын.

**ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР**

Ел тарихында өшпестей залал келтірген тажал соғыс аяқталғаннан кейін Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түседі. Осында бала күнгі армандарына жету жолында білім жолына түседі. Оқуды төмемдағаннан соң «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» секілді ірі басылымдарда еңбек жолын бастады. Осындай «газет» деген үлкен мектептен өткеннен соң әдебиетке бет бұрған еді. Осылайша Кемел Тоқаев сол кездегі көп жазушы сияқты өзінің алғашқы еңбек жолын журналистикадан бастады. Кейін толыққанды әдебиетке бет бұрған талантты жазушы детектив жанрына қалам сілтеді. Бұл жанрды таңдауы да тегін емес. Ол майданда көзбен көргендері мен көңілге түйгендерін көркем дүниеге айналдырды. Әдебиет пен журналистиканы қатар алып жүрді. Қазақ КСР Жоғары кеңесі «Ведомостінде» бас редактор, Қазақтан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды. Оннан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылды. Тұңғыш әңгімелер жинағы 1954 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан «Жұлдызды жорық» деген атаумен жарық көрді. Бұл кезеңде Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма» секілді тағы басқа шығармалары оқырманмен қауышты. Оның кез келген шығармалары кезінде оқырмандарға 450 мың дана таралыммен тарады. Өзге қазақ қаламгерлері арасынан бірінші болып, детектив жанрында қалам тербеген азамат үшін бұл үлкен жетістік



деуге болады. Қараталдық жазушының жанрды өрге сүйреп, негізін қалады. Ал қаламгердің «Соңғы соққы», «Солдат алысқа кетті» романдары әдебиетіміздің алтын қорына енгені сөзсіз. Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі екінші бірі дәті барып қалам тартпайтын әлемдік әдеби жанрдың қазығын қақты. Әлем жауһарының бір түр ерекшелігі саналатын детективті романтизм мен реализмнің тоғысуы арқылы жаңа әдеби – тарихи жағдайда көркемдікпен кестелеп, жаңа деңгейге көтерді. Сондықтан, әдебиеттегі К.Тоқаевтың шығармашылығын зерттеу арқылы оның жаңа сипаттағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы дәуірінде әдеби күрестің бел ортасында болғанын айқындай аламыз. Қаламгер өзіндік үні мен шығармашылық ерекшелігі арқылы қазақ әдебиеті классиктері плеядасы арасынан өз орнын мәңгіге тапты десек артық айтқандық емес.

**КЕМЕЛ ТОҚАЕВ  
ПЕН ҚАЗАҚ КИНОСЫ**

Детективтің оқырманы, әсіресе, батыс елдерінде көп әрі талай буын оқырман қалыптасқан. Аталмыш жанрға қалам сілтегендер ол жақта талай замандардан бері бар. Мысалы Оноре де Бальзак, Француз классигі өз замандасы, Париждің атақты із кесушісі Видокпен жақсы таныс болған екен. Осының арқасында жазушы шығармашылығына арқау тапты. Досынан алған ақпаратты әдеби елегінен өткізіп, қорытып, шығарма ретінде жариялады. Кейін бұл туындының желісімен тамаша киношығармалардың жарық көргендігін де білеміз. Детектив жанрының талай туындысы кино әлемінің жарық жауһарларына айналғаны да мөлiм. Бұл ретте, әрине, Артур Конан Дойльдың атақты Шерлок Холмсын айтпай өтуге болмас. Кемел Тоқаевтың қаламынан шыққан дүниелер де экранизацияланды. Мәселен, оның басты кейіпкерінің

бірі – Қасым Қайсенов. Партизан жазушының жанында жүріп, әңгімесін естіп, көңіл күнделігіне түртіп жүріп, жаңа бір шығарманы дүниеге әкелді. Тіпті Қайсеновпен бірге Украинаға да барды. Партизан жүрген жолдармен жүріп, батырдың ізі қалған орындарды аралап көрді. Украина сапары жайында жазушы: «Киев қаласындағы оншақты партизан арасында кездесуде қонақта болып, олармен бірге соғысқан майдангерлерше достасып, тез тіл табысып кетті. Екі-үш күннен кейін Борисполе, Переяслав-Хмельницкий аудандарындағы партизандарды аралап, Ұлы Отан соғысы тарихында қисапсыз қанды қырғын болуымен ерекше есте қалған Букрин плацдармы басталған Григорьевка селосы тұсындағы атақты өткелге келдік. Міне, Днепрдің шығыс-сол жақ жағасында – Григорьевка селосының қарсысында тұрмыз. Өзеннің оң жағы таулы беткейге бекініп, бетқаратпай тұрған жау бекінісін бұзып, ату міндеттелген. Биіктен жауған оқ бас көтертпейді. Днепр бойын жүздеген ұшақ тоқтаусыз бомбалап, су арнасынан асып-тасып жатты. Тажал аузында тұрғанымызға қарамастан қыркүйектің 21-нен 22-сіне қараған түні, өз отрядымен 120 партизан іріктеп алып, қол қайықпен арғы жағалауға өтіп шығып, жау техникасына толып тұрған Григорьевка селосын фашистерден азат етіп, арттан келе жатқан Қызыл Армияға жол ашқанымыз Украинаның куәгер партизандарынан өз ауыздарымен естігенде Кемел:

– Ойпырым-ау, неткен ғажап ерлік еді. Сол ерлігіңізге батыр атағын қайтсем де алып беремін, – деп жарлық та, билік те өз қолында тұрғандай айбаттанып, қолымды қатты-қатты қысып еді. Адал жүректі, ақ пейілді асыл азаматтың айтқаны айдай келді. Елбасымыз «Ерлік ешқашан ескірмейді» деп кедуде батырлық белгісі – Алтын жұлдызды ақыры қадады. Кемелдей тілекші қаламгер інінің де көкейін өртеген ақ арманы түбі орындалды,

– деп жазады. Жалпы, шығармашылық адамдары өз тақырыбын, кейіпкерін жете тану үшін оның қасында жүріп, зерттеген. Бұған дәлел көп. Мәселен орыстың әйгілі классигі Лев Толстой өзінің атақты «Воскресенье» дейтін романын жазу үшін жезөкшелер үйінде бірнеше ай тұрған деседі. Сол сияқты орыстың тағы бір заңғар қаламгері, психологиялық шығармаларымен танымал Федор Достовскийді алуға болады. Ол да өзінің толғаған дүниесін жақын білу үшін, оның табиғатын тану үшін көптеген әрекеттерге барған. Кемел Тоқаевтың Украинаға сапар жасап, Қасым Қайсеновтың жанында бірге жүргені де шығармашылық адамының ізденісін көрсетеді. Кемел Тоқаевтың Украинаға сапар жасап, Қасым Қайсеновтың жанында бірге жүргені де шығармашылық адамының ізденісін көрсетеді. Кемел Тоқаевтың Украинаға сапар жасап, Қасым Қайсеновтың жанында бірге жүргені де шығармашылық адамының ізденісін көрсетеді. Кемел Тоқаевтың Украинаға сапар жасап, Қасым Қайсеновтың жанында бірге жүргені де шығармашылық адамының ізденісін көрсетеді.

Кемел Тоқаев қаламы қарымды жазушы ретінде елге танылып, қазақ әдебиетіне жаңа серпін алып келді. Детектив жанрында жазған дүниелері ой ұшқырлығымен, жағдаяттың керемет сипатталынуы, сөздердің өзара керемет үндестігімен де ерекшеленеді. Мәселен, қаламгердің шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Ұясынан безген құс» романы. Шытырман оқиғалы роман жанрында жазылған шығармасында детектив формасын ұтымды пайдаланған.

«Шегебай дейтін сауда қызметшісі колхозшыларды таразыдан жеуі үстіне ішіне пышақ айналмайтын қызғаншақ. Қызғаныш құрты жегідей жеген қара ниет ақыры жақын туысқаны өсіп кетеді деп пышақ саулаға дейін барады. Сол Шегебай тағы да бір жақын туысының тойын тоз-тозын шығармақ боп бай-балам салады. – Балам, мынауың бүлгеннің ісі емес, пейілі шикі, ақылы күйкі пенденің бишаралығы дер ем. Бауырыңды, жақын жұрағатыңды жат көріп, ортаңнан, жұртыңнан алыстап, қайда барасың? Кімнен тірек таппақсың? Ұясынан безген оңбайды», – деп жазады.

Осындай жолдардан оқырман Кемел Тоқаевтың шым-шытырық оқиғалы шығармаларды керемет өрнектегенін көреді. Сондай шым-шытырыққа толы тағы бір хикаяты – «Көшкен үйдің қонысы қайда?»

Төл әдебиетімізде Кемел Тоқаевтан бөлек детектив жанрына қалам тербегендер қатарында Қалмұқан Исабаев («Ажал құрсауында», «Командантың жазбалары»), Болат Бодаубай, Шәкен Күмісбайұлы, Мұхтар Анарбекұлы, Мұхадас Балажанов, Алдажар Әбілов, Орынбек Асылбаев, Шойбек Орынбай сияқты жазушылардың есімін атап өтуге болады. Бұл қаламгерлердің барлығы Кемел Тоқаев салған сара жолды жалғап, жанрға жаңа үн қосқан азаматтар.

Бақ ДӘУЛЕТ

**Шекарашы атану – әркімге бұйыра бермейтін бақ. Өйткені, туған еліміздің қасиетті шекарасын күзету – жас азаматтан патриоттық рухты, жоғары жауапкершілік пен асқан қырағылықты талап етеді.**

Көктем айында шекарашылар сапын толықтырып, жас жауынгерлер курсынан өткен жас сарбаздарға ел шебіне аттанып, Отанына берген антына сай, шекараны қорғайтын маңызды сәт те туды. Осынау жас патриоттардың қатарында бойына өнер қонған сарбаздар ғана емес сонымен қатар жоғары білімділер де көптеп кездеседі. Солардың бірі қатардағы жауынгер Арон Смағұл. Біз Аронмен алғаш рет ҰҚК Шекара қызметінің 30 жылдығына орай, Алматы облысы бойынша департаментінің аясында ұйымдастырылған «Қасиетті шекара күзетінде» атты жауынгерлер әні фестивалінде кездескен болатынбыз. Таланттардың басын қосқан сайысқа Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының атынан қатысқан сарбаз әскер қатарына өзі сұраныпты.

– Менің алға қойған мақсатым көп. Азаматтық өмірден алған жоғары біліміме сай, жұмыс істесем деймін. Дегенмен мұны болашақтың еншісіне қалдырып, өзімді Отанын көзінің қарашығындай күзететін жас оғландардың қатарынан көргім келді. Сөйтіп, ата-анаммен ақылдаса келе, әскерге өзім сұрандым, – деген болатын сайыста жеңіске жетіп, департамент басшысының марапатын иеленген сарбаз бізге берген сұхбатында. Себебі, әрбір азаматтың борышы – Отан қорғау! Біз болмасақ, кім туған еліміздің тыныштығын қорғайды?..

...Осылай деп, бізбен өзінің жүрекжарды сырымен бөліскен Аронға енді міне жас жауынгерлер курсынан үздікке бітіріп, ел шебіне аттанатын сәт те туды. Аз уақыттың ішінде өзін оң қырынан танытып үлгерген тіпті Шекара қызметінің халық алдындағы оң бедел қалыптастыратын патриоттық әндер сайысына қатысып, бойындағы талантының арқасында бірінші орынды жеңіп алған Аронның қайда қызмет атқаратыны маңызды емес. Ең бастысы, ол – еліміздің тыныштығын көзінің қарашығындай қорғайтын шекарашылардың біріне айналды. Ал туған жердің соңғы шаршысында жүру – әркімге бұйыра бермейтін бақ екенін ескерсек, қатардағы жауынгер А.Смағұл Отан оғландарының қатарынан көрінуге әбден лайықты. Ендеше, осындай тамаша ұлды тәрбиелеп өсірген ата-ана, ұстаздарына айтар алғысымыз шексіз!

**Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,  
ҰҚК Шекара қызметінің  
запастағы подполковнигі**



# СОТ МӘРТЕБЕСІ - ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН АЙҚЫНДАЙДЫ

**Сот билігінің негізгі міндеті – қоғам мен мемлекет өміріндегі туындайтын жанжалдар мен дауларды шешу, бұзылған құқықтарды қорғау, құқықтық тәртіпті реттеу болып табылады. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттілігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тиым салады.**

Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттілігін немесе сот билігі функцияларына иеленуге құқығы жоқ. Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс етініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымдық немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе олардың шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі. Ешкімді де оның ісін заңның барлық талапты мен әділеттілік сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз соттың қарау құқығынан айыруға болмайды. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Сот төрелігін іске асыруда сот қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Сот шешімдері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке

заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот шешімдері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі Конституциямен және Республиканың конституциялық заңмен белгіленеді. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесін Жоғарғы Сот және жергілікті соттар, облыстық және оларға теңестірілген соттар, аудандық (қалалық) соттар құрайды. Конституция қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол бермейді. Бірақ бұл мамандандырылған соттарды құруға болмайды дегенді білдірмейді. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген түрінде жүзеге асырылады. Соттардың адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдануға құқы жоқ. Енді сот жүйесінің буындарын қарастырып көрейік.

Аудандық соттар - соттар жүйесінің негізгі буыны - сот әділдігін жүзеге асыруда ауқымды құзыретке ие және сот жұмысының елеулі билігін атқарады. Оларды ауданда, қалада, қала ауданында Әділет министрлігінің ұсынысы бойынша Президент құрады. Мұндай соттар төрағадан және аудандық судьялардан тұрады. Аудандық сот өзге соттардың жүргізуіне жататын істерден басқа бірінші сатыға жататын барлық істерді қарайды. Облыстық және оларға теңестірілген соттар - орта буын соттарын - Президент құрады. Бұл буындағы соттар жүгіну, кассациялық және қадағалау ретіндегі бірінші саты соттары ретінде, сондай-ақ аудандық соттарға қатысты жоғары тұрған сот ретінде әрекет етеді. Қаралып отырған соттар сот төрағасынан, алқалар төрағаларынан және тұрақты судьялардан тұрады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты - сот жүйесінің ең жоғары буыны. Жоғарғы Сот азаматтық, қылмыстық және жалпы сот ісін жүргізудің соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі



жоғары сот органы болып табылады. Заңда көзделген іс жүргізу нысандарында өзінен төмен тұратын соттардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Нормативтік қаулылар алу жолымен оларға сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады. Жоғарғы Сот төрағадан, алқа төрағаларынан және тұрақты судьялардан тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасын, алқалардың төрағаларын және Жоғарғы Соттың судьяларын Республиканың Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларын, алқалардың төрағаларын және облыстық соттар мен оларға теңестірілген соттардың судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Президент тағайындайды. Басқа соттардың төрағалары мен судьяларын Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген Әділет министрінің

ұсынуы бойынша Президент қызметке тағайындайды.

Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен судьяға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, ол өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады. Қазақстан Республикасының мереке күндерінің тізбесіне толықтырулар енгізіліп, 24-маусым - «Судья және сот қызметкерлері күнімен» толықтырылды. Осы ретте судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын жандандырып, беделін көтеруге байланысты шаралар ұйымдастырылғанын көреміз. Ал арнайы кәсіби мерекенің белгіленуі сала қызметкерлерінің мерейін үстем етері даусыз.

**Е.ҚОЖАХМЕТ,  
Ескелді аудандық сотының  
кеңсе меңгерушісі**

## ЗАҢСЫЗ МӨР ПАЙДАЛАНҒАН

**Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет облыстың көліктік бақылау инспекциясы бас маманының жұмыс кабинетінде түрлі заңды тұлғалардың 36 мөртаңбасын тапты. Мөр иелері - халықаралық жүк тасымалдаушылар.**

Мамандар анықтағандай, аталған 36 заңды тұлға жыл сайын көп мөлшерде жүк тасымалдауды жүзеге асыруға арналған шетелдік рұқсат бланкілерін алып отырған.

Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Тимур Темірәлиевтің айтуынша, мемлекеттік мекемеде заңды тұлғалардың көп мөлшерде мөртаңбалары болуы тасымалдаушылар мен қызметкерлердің арасында тығыз байланыс бар екендігін көрсетеді. Бұл жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бірі.

Тергеу мәліметтеріне сәйкес, мөрлер инспекцияда 3 жылдан астам уақыт болған. Бұл ретте инспекцияның өзінде осы мөртаңбалардың қандай жағдайда және қай уақыттан бері туралы нақты түсінік бере алмады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомствода атап өткендей, мемлекеттік органда өзге заңды тұлғалардың мөрлерін сақтау, пайдалану заңсыз.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы облысы бойынша Антикоррупциялық қызмет ағымдағы жылдың басында облыстық көліктік бақылау инспекциясында сыртқы талдау жүргізген болатын. Талдау нәтижесінде 27 сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі анықталды. Сыбайлас жемқорлықтың жоғары аймағына жылжымалы көліктік бақылау бекеттерінің қызметімен байланысты бағыттар, сондай-ақ шетелдік рұқсат беру бланкілерін беру рәсімі және техникалық тексерулер қызметі кірді.

## ЖАЛҒАН ОПЕРАТОРЛАР АНЫҚТАЛДЫ

**Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сыртқы талдау барысында 4 жалған операторды анықтады. Олар 2021-2022 жылдар аралығында фотошоппы пайдалана отырып, автокөліктердің мемлекеттік нөмірлерін өзгертіп жалған техникалық байқау жүргізген.**

«Жалған операторлардың» қызметін мемлекеттік мекемелер, білім беру объектілері және өзге де мекемелер пайдаланған. Бұл ретте техникалық байқау ешбір ғимаратсыз, аула-аумақсыз және жабдықсыз қашықтықтан «онлайн» форматта жасалғаны ешкереленді.

- Тергеу мәліметіне сәйкес, көлікті техникалық байқаудан өткізу үшін 25 минуттан аса уақыт жұмсалды. Орта есеппен, бір күнде оператор 30-ға жуық көлікті тексере алады. Алайда, «жалған операторлар» күніне 50-ден астам техбайқау өткізген, — деді облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Тимур Темірәлиев

Сондай-ақ, Антикоррупциялық қызмет өңірде 25 техникалық байқау өткізетін ғимараттардың мекен-жайлары да жалған болып шыққанын анықтады. Шын мәнінде техбайқау мекен-жайлары бойынша медициналық орталық, косметология, сұлулық салон, дүкендер мен кафелер орналасқан.

# ФИНАНСОВАЯ ПИРАМИДА

**Финансовая пирамида – это один из видов мошенничества, при котором доход формируется от привлечения денег или иного имущества либо права на него физических и (или) юридических лиц без использования привлеченных средств на предпринимательскую деятельность, обеспечивающую принятие обязательств, путем перераспределения данных активов и обогащения одних участников за счет взносов других.**

Особенностью финансовой пирамиды является обещание быстрых и легких денег. Финансовые пирамиды часто позиционируют себя как инвестиционное предприятие. Они предлагают, к примеру, приобрести акции и облигации, обещают вкладывать деньги в высокодоходное строительство, в золотодобычу или в сверхэффективное производство. Придумывают громкие и привлекательные слоганы в рекламной кампании: интернет-компания, инновационный проект, криптовалюты, жилищные кооперативы, золото, социальные сети.

Срок существования финансовых пирамид зависит от размера организации и предлагаемых программ: от 3 дней до 16 лет. К примеру, известная инвестиционная компания Madoff Investment Securities (США) являвшаяся финансовой пирамидой просуществовала 48 лет (с 1960 до 2008 гг.).

**ВИДЫ ФИНАНСОВЫХ ПИРАМИД:**

Многоуровневые пирамиды — основной механизм построения и функционирования данной структуры заключается в следующем: каждый вновь прибывший участник совершает первый взнос, который распределяется между вышестоящими по иерархии членами пирамиды. В свою очередь, новичок, чтобы заработать, должен пригласить нескольких человек, чьи взносы



также будут распределены аналогичным образом. И так продолжается до тех пор, пока не иссякнет приток новых членов.

Пирамиды, построенные по принципу сетевого маркетинга - основным механизмом реализации схемы является продажа компанией товаров/услуг. В данном случае, товар является маскировкой и чаще всего его стоимость завышена. Часто такими продуктами являются — часы, косметика, бытовая химия и т. д.

Пирамиды, использующие схему по принципу рассылок приглашений в мессенджерах - осуществляется только в онлайн-группах в мессенджерах: WhatsApp, Telegram и т. д. Создается группа, для вступления в которую необходимо заплатить определенную сумму. После вступления необходимо пригласить дополнительно 2-4 человека, выдается вознаграждение от 200% до 400%. Количество приглашаемых участников не ограничено.

Участие (членство) в эксклюзивном клубе - клубы предлагают круизы, путевки, путешествия, обучение по созданию и продвижению бизнеса, маркетинга, инвестиций, копирайтинга, также по обучению хиромантии, астрономии, улучшению душевного баланса, психологии, нумерологии, символов, магии и т. д. Участнику необходимо привлечь других участников и (или) вносить вступительный

взнос в течение определенного срока, в зависимости от программ (от 1-3 до 5-10 лет

**ПРИЗНАКИ ФИНАНСОВЫХ ПИРАМИД:**

Вместе с тем финансовые пирамиды обладают следующими признаками финансовых пирамид:

- Массированная реклама в СМИ, интернет-ресурсах, в том числе в социальных сетях, с обещанием высокой доходности, пассивного дохода;
- Компания предлагает выкупить у клиентов движимое или недвижимое имущество по цене выше рыночной (в рассрочку от трех месяцев, либо по минимальной процентной ставке), а также наоборот предлагает клиентам купить движимое или недвижимое имущество по цене ниже рыночной (с обязательным авансовым платежом);
- Обязательным условием является покупка товара/услуги на определенную сумму и привлечение дополнительно нескольких лиц (при этом отсутствуют розничные продажи);
- Несмотря на принимаемые меры правоохранительными органами меры, деятельность различных, финансовых (инвестиционных) пирамид не прекращается, о чем свидетельствует статистические данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам ГПА РК.

01.09.2021 года Глава государства в своем послании отметило противодействий мошенничествам и финансовым пирамидам.

В соответствии со статьей 217 Уголовного кодекса РК предусмотрена уголовная ответственность за создание финансовой (инвестиционной) пирамиды, то есть организация деятельности по извлечению дохода (имущественной выгоды) от привлечения денег или иного имущества либо права на него физических и (или) юридических лиц без использования привлеченных средств на предпринимательскую деятельность, обеспечивающую принятие обязательств, путем перераспределения данных активов и обогащения одних участников за счет взносов других.

Существует и административная ответственность за рекламирование деятельности финансовой (инвестиционной) пирамиды (статья 150 Кодекса об административных правонарушениях РК).

В целях профилактики данного вида правонарушений необходимо повысить финансовую грамотность населения.

В ходе расследования уголовных дел правоохранительные органы сталкиваются с многотысячными потерпевшими, у которых общая сумма ущерба может превышать миллиарды тенге.

При этом, страдают семьи вкладчиков, пайщиков и значительно скудеет домашний бюджет.

Все происходит из-за отсутствия финансовой грамотности населения области и внимания местных исполнительных органов.

**Некоторые «Пирамиды» маскируются под:**

- инвестиционные проекты (долгосрочные и краткосрочные);
- Сетевой маркетинг;
- жилищные потребительские кооперативы (предлагающие возможность по приобретению движимого и недвижимого имущества);
- членство в эксклюзивном клубе (туристические поездки, бронь люксовых отелей со скидкой, приобретение брендовых товаров и.т.д.);
- дополнительный заработок на платформе для бинарных опционов;

**ДЭР по Алматинской области  
АФМ РК**

AI-QARI

EKONOMIKA

# ҰЛЫЛАРДЫҢ АҢСАРЫ

Ұлы жазушы ғана емес, кемеңгер ойшыл Лев Толстой өзінің шытырман тағдыры мен құпияға толы ғұмырымен кейінгі зерттеушілер мен сан мыңдаған оқырманына ойлануға негіз болатын терең сыр қалдырып кетті. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», «Анна Каренина» сынды әлем прозасының жауһарларын тудырған қайталанбас суреткерлігі өз алдына үлкен бір тақырып. Ал оның ақиқат пен Жаратушы турасындағы пікірлері мен ұстанымдары, ұлы жазушының бізге әлі толық ашылып бітпеген бөлек бір әлемі болып отыр. Осыған дейін орыс классигінің жалпы дін мен сенімге, сондай-ақ, Исламға қатысы жайлы біршама зерттеулер мен құнды деректер жарық көрді. Алайда, бұл тараптағы пікірлер мен жорамалдар күні бүгінге дейін бір тоқтамға келген жоқ. Әсіресе, кемеңгердің Ислам дініне қатысы туралы пікірлер сан қылы. Шешімі даулы әрі құпияға толы бұл түйінді мәселеге, ұлы қаламгердің Христиан діні мен Ислам туралы көзқарасы, кемеңгердің өз заманында мұсылман әлемінің ойшылдары мен Шәкәрім Құдайбердіұлымен болған рухани үндестігі біраз анықтық береді деп ойлаймыз.

## ҚАЗАҚ ПЕН ОРЫСҚА ОРТАҚ РУХАНИ ҚАЗЫНА

Толстойдың Исламға қатысы турасында сөз қозғамас бұрын, ең алдымен қазақтың аяулы ұлдарының бірі болған – Шәкәрім бабамыз бен орыс ғұламасының арасындағы рухани байланысты тілге тиек етуден бастағанды жөн көреміз. Бұл екі ойшылдың өз заманында рухани үндестікте болып, хат алмасқандығы туралы бүгіндері жиі айтылып жүр. Өкінішке орай, ұлылардың хат арқылы тілдескендігіне шын мәнінде дәлел боларлық тарихи құжаттар сақталмаған. Десе де, Шәкәрім қажының ұлы Ахаттың естелігіндегі мына бір құнды деректер, аталған мәселеге сәл болса да жарығын түсіруі мүмкін. Онда, Ахат Шәкәрімұлының өз әкесімен орыс жазушысы туралы болған әңгімесі мен Шәкәрім қажының рухани ұстазына қойған сауалдарының мазмұны келтірілген.

«Марқұм әкеммен болған бір әңгіме: «Сіз Толстой туралы жай әңгімеңізде де, Толстой туралы жазған өлеңіңізде де оны өте жоғары бағалайсыз», – дедім. Сонда әкей айтты: «Мен Толстойды бұрында да бағалайтынмын. Әсіресе, мен Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Сол сұрақтарыма Толстой маған өте қымбатты жауап қайтарды. Сол жауаптары мені толғандырып, ғибадат алатын сабақ болып, көңіліме орнап қалды. «Адамның арына тиетін жағымсыз қылықтардың ішінде және Сіз білетін арға ең ауыр тиетіні не?» – дедім. Толстой бұған: «Осы тізіп тұрғандарының барлығы да адамшылық арға тиетін нәрселер. Меніңше, арға ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол адам көпшілікке не қоғамға зиян келетін хақиқат істі біліп, соны бір нәрседен қорғанып, сол хақиқатты айтпай қалса, сол арға өте ауыр тиеді. Бірінші: сен өте бай болып, сол хақиқатты айтсаң, малыңа зиян тисе, екінші: сен мансап иесі болып, сол хақиқатты айтсаң, мансабыңнан айрылатын



болсаң, үшінші: сол хақиқатты айтсаң, басың жазаланатын болса, міне, осы үш түрлі зардаптардан қорғанып, көпке зиян келетін хақиқатты айтпай қалсаң, арға ең ауыр тиетіні осы», – деді. Екінші: «Ірі шығармалар жазуға бет алдым. Бұған қандай кеңес бересіз?» – дедім. Бұған ол кісі: «Көп адамдар қатысатын шығарма болсын, не әңгіме болсын, алдымен, сол әңгіменің уақиғасына, іс-әрекетіне жазушы өзі араласқандай жетік болуы керек. Сол уақиғаның жайы жазушыға айнадай айқындалып, сезініп тұрғандай болуы керек. Олай болмаған күнде әңгіме дәл, қызықты болып шықпайды. «Көлеңкеге пішкен тон бойға шақ келмейді» деген мәтелді жазушы ойдан шығармауы керек. Ішіне араласпай, сырттай ой-жотамен жазылған шығарма шындыққа жанаспай, қызықты болып шықпайды», – деді. Үшінші: «Өз жазғанымның дұрыс, терісін сынау қиын, өз шығарманың қатесін қандай әдіспен көріп, сынап, түзеуге болады?» – деген сұрағыма ұлы жазушы: «Жазушының артық қасиеті – өз қатесін көріп, соны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. «Біреудің қатесін біреу көреді» деген де бар. Бәрінен адам өз қатесін өзі көріп, өзі түзген артық, өз қатесін түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол – адамға біткен ақ жүрек. Егер адам істеген өз ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сынап білсе, ақ жүректің сезімі оны сынап бере алады. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ымбалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, біреудің мінін де көре алады, сондықтан әділ сыншы – ақ жүрек», – деді» (Ахат Құдайбердіұлы. «Шәкәрім жайындағы естелік», 64-б.).

Қазақ және орыс руханиятына ортақ мұра саналатын бұл екі алыптың хаттарын іздестіру, болашақтың еншісіндегі маңызды дүниелер қатарына жатқызылады. Бұл орайда біраз шаралар атқарылып жатқанын айта кетуге де болады. Мысал үшін, Абай мұражайынан аттанған бір топ делегация орыс жазушысының көзі тірісінде мекені болып, қазір мұражайға айналған Ясная полянаға барып қайтқан болатын. Бұл топтың аталмыш сапары барысында алға қойған бірнеше мақсатының бірі – Шәкәрім-Толстой хаттарын іздестіру жұмыстары да болған.

Осы бағыттағы жұмыстар

жүйелі жүргізілсе, қазақ және орыс кемеңгерінің хаттары табылуы да ықтимал. Ал осынау терең пәсапалық мазмұнға ие тарихи құжаттар табылып жатқан жағдайдағы екі елдің мәдени қазынасына қосар үлесін ескерсек, зерттеу шараларының маңыздылығы арта түседі.

## «ҮШ АНЫҚ» ПЕН «КРУГ ЧТЕНИЯ»

Орыс ойшылының үндеген идеяларына рухани жақын мәселелерді қозғайтын Шәкәрім қажының «Үш анық» еңбегі бар. Шәкәрім Құдайбердіұлының осы терең мазмұнды философиялық трактатын көп жылдық ой еңбегінің жемісі деп қабылдау керек. Ақын бұл еңбегінде, «Өмірдің мәні не?» деген сауалға бұрынғыдай өткен ойшылдардың пікірі мен ойларын, өз заманындағы құнды көзқарастарды біріктірген болатын. Ал Толстойдың осыған ұқсас «Круг чтения» деген еңбегі бар. Бұл кітабында орыс кемеңгері белгілі жазушылар мен тұлғалардың, Конфуций мен Жан Жак Руссо секілді терең ойлы философтардың ақиқат пен өмір тұрасындағы ойларының басын құраған. Міне, мұның барлығын да Шәкәрім мен Толстой рухани бірлігін қуаттайтын дәйекті пікірлер қатарына жатқызуға болады. Бұл рухани үндестікке Толстойдың Ислам әлемімен байланысы да керік береді. Ұлы абыздың көзі тірісінде шіркеуден аласталуы мен оның Ислам дінін қабылдағандығын жақтайтын жорамалдар аз емес. Кемеңгердің шіркеуден аласталғаны тарихи дәйектермен расталғандығы белгілі. Толстой өмірінде орын алған өзге де шытырмандармен қатар, ұлы жазушының заманында шіркеуден аласталғандығы да сансыз сауал тудырып жүрген үлкен бір тақырыпқа айналып отыр. Ойды сан саққа жүгіртетін мұндай пікірлер таразысының екінші жағында орыс ойшылы шіркеуден өзі алыстаған дейтін қарама-қайшы пікірлер де жоқ емес. Мұндай ой ұстанушыларға Павел Басинскийдің «Лев Толстой: «Бегство из рая» атты кітабында келтірілген деректер мен жазушының православ шіркеуіне байланысты көзқарастары мен идеясы негіз болған секілді. Павел Басинскийдің аталмыш еңбегінде жазушының жер қойнына тапсырылған шағын

суреттейтін: «Тело Л. Н. положили в дубовый гроб, без креста на крышке», «Толстого хоронили, как он и завещал, «без церковного пенья, без латдана», «без торжественных речей» деген сөйлемдер бар. Толстойдың православ шіркеуі турасындағы өткір пікірлері мен бітіспес қарсылығының салдарына жазушыны шіркеуден аластау ұйғарылғандығы белгілі. Бұл шешім православиелік шіркеудің бас органы саналатын Синодтың ұйғарымымен 1901 жылдың 22 ақпанында шығарылған еді. Ал жазушының мұсылмандықты қабылдауына байланысты пікірлер болғандығына қарамастан, бұл мәселеде ақиқатты біржақты кесіп айту қиын. Исламның қағидаттары ізгі ұстанымдардан тұратындығы, жазушының айтқан пікірлерінде ашық, күнде көкте ойнайтын жасындай анық айтылған. Толстойдың мұсылман әлемімен таныстығы болғанын растайтын көзі тірісінде айтып кеткен Ислам жайлы пікірлері мен оның өмір жолының мұсылман дүниесімен тоғысқан тұстары да жетерлік.

Он үшке толғанда болашақ жазушының отбасы сан ғасырлар бойы мұсылман қауымының мәдени әрі рухани орталығы болып келген көне қала Қазанға көшкен. Ал 1844 жылы Лев Толстой Қазан университетінің фило-софия факультетінің шығыс тілдері бөліміне оқуға түскен. Сондай-ақ, жазушының кейін осы оқу орнының заң факультетіне ауысқандығы да белгілі. Міне, осы кездерде орыс ғұламасы Шығыс әлемін жетік білетін ғалымдардан дәріс алып, араб және түрік тілдерін үйренген болатын. Бұдан бөлек, Толстой Кавказдағы Терек өзеніне іргелес тұрған казак станицасында 1851 жылдан бастап үш жыл тұрды. Осы аралықта жазушы өз еркімен әскери міндетін өтей жүріп, Кавказдағы әскери қимылдарға да қатысқан. Осылайша, әскери борышын өтеу кезінде Толстой тау халқының ерекшелігімен жақын танысқан. Кемеңгер жазушы осы шақтарда байыптаған ислам дүниетанымы мен өмірінің сол кездегі бөлігіне дейін көріп келген орыс қоғамындағы салт-дәстүр, мінез-құлық ерекшеліктерін іштей салыстырған болатын. Ал Толстойдың Кавказда өткен күндері мен түйген ойы кейін жазушының «Казактар», «Шапқыншылық», «Орманды кесу» повестері мен соңғы еңбегінің бірі

болып есептелетін «Қажымұрат» повесінде суреттелді. Кезі тірісінде-ақ Батыс пен Шығысқа бірдей абыз атанған Толстойдың Исламға қатысы турасында белгілі бір ой айту үшін, жазушының мұсылман қайраткерлерімен болған байланысын, сонымен бірге, тарихи құжат ретінде сақталған хаттарына да сүйену қажет. Орыс жазушысымен байланыста болған тұлғалардың қатарында Махатма Ганди мен мысырлық Мухаммед Абдоны және тағы да басқа ойшылдар мен мұсылман ағартушыларын келтіруге болады. Бұл орайда сол кездердегі ислам реформаторларының орыс ойшылының қажымұқметтегені мен Толстойдың мұсылман сенімінің ізгі қағидаттарын қадірлегеніне дәлел боларлық бірнеше тарихи хаттардың біріне тоқталып өтуге тиіспіз. Толстойдың 1908 жылы Р.Елкібаевқа жазған хатында: «Құрметті бауырым, Рахматулла Минғалиұлы! Мен баршаға 1881 жылдан кейін жазылған шығармаларым мен аудармаларымды басып шығаруға рұқсатымды бергенмін. Ал, сіздің маған жасаған ұсынысыңыз үшін үлкен алғысымды білдіріп, қазіргі күні қолда тұрған еңбектерімді жіберіп отыр-мын. Соның ішінен өзіңізге ұнағанын іріктеп алып, басарсыз. Ал, менің Ислам діні туралы не ойлайтыным жайлы сауалыңызға келсек, менің ойымша, шынайы дін жалғыз-ақ. Бұл шынайы діннің ақиқаты адамзатқа әлі толық ашылған жоқ, бірақ оның кейбір бөліктері барлық діндерде байқалады. Адамзаттың бүкіл дамуы осы шынайы дінді түсіндіру айналасына келіп топтасады. Сол себепті ақиқатты сүюшілердің бәрі діндердегі айырмашылықтарды емес, олардағы бірлік пен шындыққа лайықты пәлсапаларды іздеуі қажет. Сондықтан мен барлық діндерге, соның ішінде өзіме жақсы таныс Исламға қатысты да дәл осы әрекеттерді жүзеге асыруға тырысудамын».

Бұл хаттың мазмұнында жазушының Исламды қастерлейтіні және бұл сенім турасында айтарлықтай білімі болғаны көрініп тұр. Сондай-ақ, ол әлдебір шынайы діннің барын және оның ақиқаты мен сыры әлі ашылмағанын да айтқан. Міне, терең ойлы кемеңгердің осы сөздері оның Христиан сеніміне көзқарасы мен Исламды қабылдағандығы төңірегіндегі жорамалдардың ой арнасына дұрыс бағыт беруі тиіс деп ойлаймыз. Қалай болғанда да, ұлы жазушы өзінің қайталанбас шығармалары мен гуманистік идеялары арқылы барша адамзаттың бірлікте болуын көкеседі. Абыз Толстойдың пендені дұрыс жолдан тайдырып, ақиқаттан адастыратын зұлымдық пен әділетсіздік атаулыға тұсау боларлық әлдебір хақ жолын іздегені анық. Адамзатқа ізгілік ілімін үндеп өткен өзге де «тандаулылар» секілді, бұл ақиқат жолын біздің Шәкәрім бабамыз да аңсаған еді. Өзінің терең мазмұнды пәлсапалық ойларының алтын қазығы болған «Ар ілімі» идеясымен, Шәкәрім Құдайбердіұлы Толстой бастаған ұлылар шоғырынан өзіне лайық орын алды деп ойлаймыз. Жоғарыда келтірген деректермен екі ойшылдың арасындағы байланысқа тағы бір мәрте назар аударып, осы арқылы Толстойдың Ислам әлемімен қатынасын шама-шарқымызша зерделеуге тырысқан болатынбыз. Ал, адамзатқа үлкен өсиет қалдырып кеткен Шәкәрім мен Толстой арасындағы мәңгілік рухани үндестіктің тағылымы мол екені сөзсіз.

# ОСТРО КИШЕЧНАЯ ИНФЕКЦИЯ У ДЕТЕЙ



PROFILAKTIKA

**Кишечная инфекция у детей – группа инфекционных заболеваний различной этиологии, протекающих с преимущественным поражением пищеварительного тракта, токсической реакцией и обезвоживанием организма. У детей кишечная инфекция проявляется повышением температуры тела, вялостью, отсутствием аппетита, болями в животе, рвотой, диареей. Диагностика кишечной инфекции у детей основана на клиничко-лабораторных данных. При кишечной инфекции у детей назначаются антимикробные препараты, бактериофаги, энтеросорбенты; в период лечения важно соблюдение диеты и проведение регидратации.**

Кишечная инфекция у детей – острые бактериальные и вирусные инфекционные заболевания, сопровождающиеся кишечным синдромом, интоксикацией и дегидратацией. В структуре инфекционной заболеваемости в педиатрии кишечные инфекции у детей занимают второе место после ОРВИ. Восприимчивость к кишечной инфекции у детей в 2,5-3 раза выше, чем у взрослых. Около половины случаев кишечной инфекции у детей приходится на ранний возраст. Кишечная инфекция у ребенка раннего возраста протекает тяжелее, может сопровождаться гипотрофией, развитием дисбактериоза и ферментативной недостаточности, снижением иммунитета. Частое повторение эпизодов инфекции вызывает нарушение физического и нервно-психического развития детей.

Спектр возбудителей кишечных инфекций у детей крайне широк. Наиболее часто патогенами выступают грамотрицательные энтеробактерии и условно-патогенная флора. Кроме этого, встречаются кишечные инфекции, вызываемые вирусными возбудителями, грибами. Общими свойствами всех возбудителей, обуславливающих развитие клинических проявлений, являются энтеропатогенность, способность к синтезу эндо и экзотоксинов. Заражение детей кишечными инфекциями происходит посредством фекально-орального механизма алиментарным, водным, контактно-бытовым путями. У ослабленных детей с низкой иммунологической реактивностью возможно эндогенное инфицирование условно-патогенными бактериями.

Источником ОКИ может выступать носитель, больной со стертой или манифестной формой заболевания, домашние животные. В развитии кишечной инфекции у детей большую роль играет нарушение правил приготовления и хранения пищи, допуск на детские кухни лиц-носителей инфекции, больных тонзиллитом, фурункулезом, стрептодермией и пр. Наиболее часто регистрируются спорадические случаи кишечной инфекции у детей, хотя при пищевом или водном пути инфицирования возможны групповые и даже эпидемические вспышки. Подъем заболеваемости некоторыми кишечными инфекциями у детей имеет сезонную зависимость: так, дизентерия чаще возникает летом и осенью, ротавирусная инфекция – зимой. Распространенность кишечных инфекций среди детей обусловлена

эпидемиологическими особенностями, анатомо-физиологическими особенностями пищеварительной системы ребенка, несовершенством защитных механизмов. Заболеваемости детей острой кишечной инфекцией способствует нарушение нормальной микрофлоры кишечника, несоблюдение правил личной гигиены, плохие санитарно-гигиенические условия жизни. По клиничко-этиологическому принципу среди кишечных инфекций, наиболее часто регистрируемых в детской популяции, выделяют шигеллез, сальмонеллез, коли-инфекцию, иерсиниоз, кампилобактериоз, криптоспориоз, ротавирусную инфекцию, стафилококковую кишечную инфекцию и др. По тяжести и особенностям симптоматики течение кишечной инфекции у детей может быть типичным и атипичным. Выраженность клиники оценивается по степени поражения

ЖКТ, обезвоживания и интоксикации.

Характер местных проявлений при кишечной инфекции у детей зависит от поражения того или иного отдела ЖКТ, в связи с чем выделяют гастриты, энтериты, колиты, гастроэнтериты, гастроэнтероколиты, энтероколиты. Кроме локализованных форм, у грудных и ослабленных детей могут развиваться генерализованные формы инфекции с распространением возбудителя за пределы пищеварительного тракта.

В течении кишечной инфекции у детей выделяют острую, затяжную и хроническую фазы.

После непродолжительного инкубационного периода остро повышается температура, нарастает слабость и разбитость, снижается аппетит, возможна рвота. На фоне лихорадки отмечается головная боль, ознобы, иногда – бред, судороги, потеря сознания. Кишечная инфекция у детей сопровождается схваткообразными болями в животе с локализацией в левой подвздошной области, явлениями дистального колита, симптомами сфинктерита. Частота дефекации может варьировать от 4-6 до 15-20 раз за сутки. При дизентерии стул жидкий, содержащий примеси мутной слизи и крови. При тяжелых формах дизентерии возможно развитие геморрагического синдрома, вплоть до кишечного кровотечения.

У детей раннего возраста при кишечной инфекции общая интоксикация преобладает над колитическим синдромом, чаще возникают нарушения гемодинамики, электролитного и белкового обмена. Наиболее легко у детей протекает кишечная инфекция, вызванная шигеллами Зоне; тяжелее – шигеллами Флекснера и Григорьева-Шига.

Обычно протекает по типу острого гастроэнтерита или энтерита. Инкубационный период в среднем длится 1-3 дня. Все симптомы кишечной инфекции у детей разворачиваются в течение одних суток, при этом поражение ЖКТ сочетается с катаральными явлениями.

Респираторный синдром характеризуется гиперемией зева, ринитом, першением в горле, покашливанием. Одновременно с поражением носоглотки развиваются признаки гастроэнтерита: жидкий стул с частотой дефекаций от 4-5 до 15 раз в сутки,

рвотой, температурной реакцией, общей интоксикацией. Длительность течения кишечной инфекции у детей – 4-7 дней.

На основании осмотра, эпидемиологических и клинических данных педиатр может лишь предположить вероятность кишечной инфекции у детей, однако этиологическая расшифровка возможна только на основании лабораторных данных.

Главную роль в подтверждении диагноза кишечной инфекции у детей играет бактериологическое исследование испражнений, которое следует проводить как можно ранее, до начала этиотропной терапии. При генерализованной форме кишечной инфекции у детей проводится посев крови на стерильность бактериологическое исследование мочи ликвора.

Определенную диагностическую ценность представляют серологические методы, позволяющие выявлять наличие Аг к возбудителю в крови больного с 5-х суток от начала болезни. Исследование копрограммы позволяет уточнить локализацию процесса в ЖКТ.

При кишечной инфекции у детей требуется исключить острый аппендицит, панкреатит, лактазную недостаточность, дискинезию желчевыводящих путей и др. патологию. С этой целью проводятся консультации детского хирурга и детского гастроэнтеролога.

Раннее выявление и адекватная терапия обеспечивают полное выздоровление детей после кишечной инфекции. Иммуитет после ОКИ нестойкий. При тяжелых формах кишечной инфекции у детей возможно развитие гиповолемического шока, ДВС-синдрома, отека легких, острой почечной недостаточности, острой сердечной недостаточности, инфекционно-токсического шока.

В основе профилактики кишечных инфекций у детей – соблюдение санитарно-гигиенических норм: правильное хранение и термическая обработка продуктов, защита воды от загрязнения, изоляция больных, проведение дезинфекции игрушек и посуды в детских учреждениях, привитие детям навыков личной гигиены. При уходе за грудным ребенком мама не должна пренебрегать обработкой молочных желез перед кормлением, обработкой сосок и бутылочек, мытьем рук после пеленания и подмывания ребенка.

Дети, контактировавшие с больным кишечной инфекцией, подлежат бактериологическому обследованию и наблюдению в течение 7 дней.

**ГОРДАГУЛОВА,**  
**ГКП на ПХВ Ескельдская ЦРБ**  
**участковая мед сестра**

TIN

## ЖАС МАМАНДАРҒА ТЫҢ СЕРПОН

**«Жас маман» жобасын іске асырудағы әлеуметтік әріптестік пен тәжірибенің мүмкіндіктерін ұсыну мақсатында облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының «Кәсіби шеберлік» жобасы аясында Үстіміздегі жылдың 7-маусымында Көксу ауылшаруашылық колледжінде «Жас Маман» жобасы – жаңа мүмкіндіктерді іске асыру» тақырыбында облыстық семинар өтті.**

Семинардың пленарлық отырысының алғашқы сөз кезегін алған облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік бөлім басшысы Шынар Исаханова «Кәсіби шеберлік» жобасы аясында жоспарланған шаралардың мүмкіндіктерін және заманауи құрылғыларды оқу үрдісінде пайдалануда білім беру бағдарламаларын жоғарғы оқу орындарымен бірлесіп езірлеу, өңірге қажетті мамандардың қажеттілігін анықтау және оны қанағаттандыру мақсатында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлескен жұмыстарды үйлестіру, құзыреттілік орталығының жұмысын біліктілікті арттыру курсы, мамандарды қайта даярлау, жаңа серіктестердің қатарын ұлғайту, «Worldskills» стандартына сәйкес әдістемелік өнімдер езірлеу, демонстрациялық емтихан өткізу, дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту бойынша кәсіпорын базасынан тағылымдамадан өту және үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету, тәжірибе алмасу жұмыстарын тұрақты жүргізу бойынша өзекті мәселені баяндаса, колледждің әлеуметтік серіктестері Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы



Ескелді аудандық филиалының директоры А.Солтанбек, «ТАТЭК» АҚ сенімділік және техника қауіпсіздігі қызметі басшысының орынбасары Р.Ляйшев, Көксу АЭЖ басшысы Е.Андақұлов, КС «Хильниченко және К» басшысы А.Хильниченко қатысып, кәсіптік білімге енгізіліп отырған өзгерістер мен жоба аясында қойылған міндеттерді шешу жайлы баяндады. Сөз кезегін алған колледж директоры М.Қарасаев «Жас маман жобасы: болашақ маман жетістігінің бастамасы тақырыбында «Жас маман» жобасына енген «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Электрмен қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысын және алдағы міндеттерді іске асырудың мүмкіндіктерін және мамандықтар бойынша алынған заманауи құрылғылармен таныстырып, ашық тәжірибе алаңында 6 өндірістік оқыту шебері мен арнайы пән оқытушылары заманауи құрылғыда автомобильге көрсетілетін қызмет түрлерінен шеберлік сыныптар арқылы көрсетті. Семинардың қорытындысы бойынша «Жас Маман» жобасының жаңа

мүмкіндіктерін іске асыру бағытында келелі ұсыныстар қабылданды. Жалпы ағымдағы оқу жылында Алматы облысы бойынша 2020,2021 жылдары «Жас маман» жобасы бойынша материалдық-техникалық базасын заманауи құрылғылармен жабдықтаған Шамалған ауылындағы Кәсіптік оқудағы кепсалалы, Талдықорған гуманитарлық-техникалық, Талғар политехникалық, Шелек политехникалық, Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледждері тәжірибелерін облыс көлемінде таратып, алдағы жұмысты берілген ұсыныстардың негізінде іске асыруды бастап кетті. Таным мен тәжірибеге толы семинар әр педагогтің жаңа қырынан дамуына, шығармашылық ізденісіне үлкен серпіліс болып отыр. Олай болса, тың бастамалардың тәжірибелік мүмкіндіктері алдағы уақыт еңішінде тағы да ұсынып, бағытымызды жетілдіруге жол салатынына сенімдімін.

**Ерлан БЕКБОЛАЕВ,**  
**Көксу ауылшаруашылық колледжі директорының өндірістік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары**

## «БАЙДИБЕК БИ» - ЧУДЕСА БЫВАЮТ?

### О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТСКИХ РЕАБИЛИТАЦИОННЫХ ЦЕНТРОВ

**Индивидуальный подход и конечно же вера в чудо. Это главные приоритеты реабилитационного центра Енбекшиказахской межрайонной многопрофильной больницы в поселке Байдибек би. Программа разрабатывается под личность каждого ребенка, с учетом их особенностей развития. Занятия проходят регулярно и только тогда, говорят специалисты, происходят чудеса.**

делилась заведующая реабилитационного центра и центра раннего вмешательства «Байдибек би» Айнара Терлиқбаева.

Дети проходят различную реабилитацию: занятия с логопедом, уроки логоритмики, сегментарный массаж, психокоррекционная работа, занятия дефектолога занятия в РПК «Атлант», занятия по системе Бобат, Монтессори , Войта-терапия, упражнения на пневматическом тренажере с увеличением нагрузок, тестированием и анализом.

На курс реабилитации в центр расположенный в Енбекшиказахском районе дети с ограниченными возможностями приезжают один или два раза в год. Для проживания созданы все комфортные условия, как для детей, так и для сопровождающих их родителей. На территории, как в санатории оборудована детская и спортивная площадка.

– За три месяца текущего года 90 детей прошли реабилитацию круглосуточного стационара, из них 49 пациентов с диагнозом церебральный паралич , 38 пациентов с диагнозом синдром Дауна , 2 пациента - с прогрессирующей мышечной дистрофией Дюшена, 1 пациент с врожденным пороком развития вывих тазобедренного сустава. Маленькие пациенты с трех месяцев получают лечения в нашем реабилитационном центре. Всего получили реабилитационное лечение с 1 года до 3 лет -33 детей, 3 лет до -18 лет -78 детей. Наша задача глубоко социализировать ребенка, сделать так чтобы ребенок не боялся общества, социума. Когда мы видим их первые шаги, произнесенные буквы, счастья нет предела. Случай, когда малыши могут уже самостоятельно двигаться радует вдвойне. Видя, искренние улыбки на лице родителей понимаешь, что мы трудимся не зря, - по-

Помимо этого, проходят занятия на роботизированном комплексе для локомоторной терапии для нижних конечностей с биологической обратной связью, сенсорная комната, иммерсионная ванна, Биоптрон, «Соляная» камера (спелеокамера), шунгитовая комната, инфракрасное облучение. Также проводится исследование ночной видеомониторинг электроэнцефалограммы, регистрация коротколатентных слуховых вызванных потенциалов.

– Мы уже второй раз приезжаем в этот центр. Дочке очень нравится, она общается с другими детьми. Мы уже потихоньку начали делать шаги, у меня не хватает слов, передать эти эмоции. Спасибо врачам за их упорный труд. Сам центр очень комфортный и уютный, – подчеркнула Калида Нусипкан.

Услугами реабилитационного центра можно воспользоваться бесплатно в рамках обязательного социального медицинского страхования.

– Наш главный приоритет – доступные и качественные медицинские услуги для наших детей. Все реабилитационные центры нашего региона готовы принимать детей и оказывать всю необходимую помощь, - говорит директор филиала Фонда медицинского страхования по Алматинской области Нурлан Отаргалиев.

**Ахмет Байтұрсынұлы:**

**МЕКТЕП КӨРРЕКТЕРІ**

**Өткен нөмірде қазаққа қандай бастауыш мектептер керегін жазып едік, енді ол мектептерге не керек, сол жайынан жазбақшымыз.**



Қазақ балаларын ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту жайын жақсы білетін мұғалімдер үш жыл оқытқанда бірталай білім үйретуге болады. Ана тілінде жазылған кітаптар, газеталар, журналдар, ана тіліндегі жазу-сызу бастауыш мектептен шыққандардың мүлкінде болады, яғни солардың бәрінен де пайдалануға қолынан келетін болады. Біздің қазіргі ел ішіндегі мектептерімізде жоғарғы айтылған шарттардың біреуі-ақ бар, ол бар дегеніміз – ана тілімен оқыту. Басқа шарттары орнына келмеген соң, үйренерлік білімнің көбін білмей, балалар азын ғана біліп шығады. Бізде қазір төте оқу жолымен оқыта білетін педагогика, методикадан хабардар мұғалімдеріміз жоқ қасында. Бастауыш мектепке керек құралдарымыз сайлы емес. Кесіп пішкен программа жоқ. Сондықтан қазаққа қандай мектеп керектігін сөйлегенде, ол мектепке не керек екендігін де айту тиіс.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керектігі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім.

Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт.

Үшінші, мектепке керектігі – белгілеген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға иіс. Сол пішім программа деп аталады.

Өткен нөмірде біз айтып өттік, қазақ үшін ашылған орыс школаларының мұғалімдері, оқу құралдары сайлы деп. Біздің ана тілімізде оқылатын мектептеріміздің құралдары, мұғалімі сондай болуға тиіс. Сонда мектеп программасын үлгеріп, орнына келтіре алады. Мектепке керек нәрсенің бірі сайлы болмаса да мектеп ақсайды, программа бойынша үстіне артқан жүкті дұрыс алып жүріп, мерзімді жеріне мезгіліне жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп керек болса, мектепке керек нәрселері де сайлы болуы керек.

Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынғырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері дариммұғаллимин (педучилище) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школаларынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егер де бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуірірек школа һәм медресе бітіргендер аз. Ол азың үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндері аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітегене жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша хат білуіне бір-екі-ақ ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенмен де методиканы біліп, жаңа ұсылдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер – пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне,

алса, түбінде пәлен болады деп таласа емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы һәм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтыңған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртпай соны істеу керек. Әйтпесе, біліп сын таққанымыз, білмей сын таққанымыз жұрт қайдан білсін деп міндеу – жұрттың бәрі жақсы мен жаманды айырмайтын ақымақ деп ойлаған болады ғой. Бұл жағын «Айқап» ойлап я ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз.

Петербургта осы күнгі болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кілі орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазаққа ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

«Қазақ» газеті,  
1914 жыл,  
17 мамыр, № 62

**HABARLANDYRU**  
**«ЕҢБЕК ЖОЛЫ»**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**КОНКУРСЫ**

**Үміткерлерден өтінім қабылдау 2022 жылдың 1-шілдесіне дейін жүзеге асырылады.**

Мақсаты-өскелең ұрпақты еңбекке деген құрметке тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, Үздік еңбек әулеттері мен еңбеккерлерді анықтау. «Еңбек – елдің мұраты» конкурсының ұраны еңбекшінің қоғамдағы беделін арттыруға ықпал етеді және өнімді еңбекті ынталандырады.

Байқауға барлық қызметкерлер қатыса алады.

**3 номинация:**

1. «Үздік еңбек әулеті».
2. «Өндірістің үздік жас маманы»
3. «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері».

**Байқауға қатысу үшін келесі құжаттар қажет:**

- 1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысуға өтінім;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) номинация тақырыбы бойынша ұзақтығы 1-2 минуттан аспайтын бейне (өз қалауы бойынша жұмыс орнын және алған дағдыларын көрсету);
- 4) конкурсант туралы 1-3 минуттық компьютерлік презентация (жұмыс, отбасы, хобби, қызығушылығы және т. б., Microsoft Power Point форматы);
- 5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және басқа да құжаттардың көшірмелері / жұмыс орнынан анықтама;
- 6) жұмыс берушінің ұсынымдық хаты; Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері):

- Мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері;

- Біліктілікті арттыру туралы куәлік (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі. Өтінімдер пошта арқылы қабылданады eskeldy\_sobes@mail.ru.

**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ**  
**КОНКУРС**  
**«ЕҢБЕК ЖОЛЫ»**

**Прием заявок от кандидатов осуществляется до 1 июля 2022 года.**

Цель – воспитание у подрастающего поколения уважения к труду, сохранение трудовых традиций, выявление лучших трудовых династий и труженников. Девиз конкурса «Еңбек – елдің мұраты» способствует повышению престижа трудящегося в обществе и стимулирует производительный труд.

В конкурсе могут принять участие все сотрудники.

**3 номинации:**

1. «Лучшая трудовая династия».
2. «Лучший молодой работник производства»
3. «Лучший наставник рабочей молодежи».

**Для участия в конкурсе необходимы следующие документы:**

- 1) заявку на участие в конкурсе в произвольной форме с указанием номинации;
  - 2) копия удостоверения личности;
  - 3) видео продолжительностью не более 1-2 минут по теме номинации (по своему усмотрению показать рабочее место и приобретенные навыки);
  - 4) 1-3-минутная компьютерная презентация о конкурсанте (работа, семья, хобби, увлечения и т.д., формат Microsoft Power Point);
  - 5) копии трудовой книжки и других документов, заверенные работодателем, подтверждающие стаж работы каждого представителя трудовой династии или работника/справку с места работы;
  - 6) рекомендательное письмо работодателя; При наличии (копии следующих документов):
- Копии государственных или ведомственных наград, грамот, благодарственных писем;
  - Свидетельства о повышении квалификации (при наличии).

**МӘМС ҚОРЫНА ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ ТҮСКЕН**

**2022 жылдың мамыр айында жаңа құрылған екі облыс тұрғындарынан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін 3,1 млрд теңге аударымдар мен жарналар түскен.**

Республика бойынша мамыр айында түскен жарналар сомасы 247,7 млрд теңгені құрады. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев атап өткендей, мамыр айында тұрғындардан 1,7 млрд теңге аударымдар және 1,3 млрд теңге жарналар түскен. Өңірде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың арасында бірыңғай жиынтық төлем арқылы медициналық сақтандыруға тәлейтіндерден Қорға мамыр айында 17,3 млн теңге түсті.

Ал жарты жыл ішінде Қорға Жетісу және Алматы облыстарының тұрғындарынан барлығы 13,8 млрд теңге түсті.

МӘМС-ке келіп түскен барлық қаражат, сенімгерлік басқару шарты бойынша Ұлттық банкте сақталды және кейіннен МӘМС шеңберінде көрсетілетін қызметтерді төлеуге жіберіледі.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы**

**ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**  
**БҰРЫШТАРЫ ЖҰМЫС ЖАСАУДА**

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің бастамасымен egov.kz. Электронды үкімет порталы арқылы электронды қызмет алу үшін Ескелді ауданындағы 11 ауылдық округ әкімі аппараты, білім бөлімі, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, жұмыспен қамту орталығы ғимараттарында «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» іске қосылған.**

Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының басты мақсаты – қызмет алушыларға барынша жағдай жасау, қызмет беруші мен қызмет алушы арасындағы бетпе-бет қарым-қатынасты болдырмау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, халық арасында egov.kz. Электронды үкімет порталын танымал ету.

Егер сіздің үйіңізде дербес компьютеріңіз болмаса, ЭЦҚ-ңыз (электронды-цифрлық қолтаңба) болған жағдайда Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ ауылдық округ әкімі аппараты ғимараттарындағы «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» арқылы электронды қызметтерді алуыңызға болады. Бұл жоба әсіресе шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын қызмет алушылар үшін өте қолайлы.

**Мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімі**

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

**Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.**

Газет редакциясының мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1062 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.

◆ КӨМБЕ

◆ ОҢТАЙ  
◆ SIFRLY QAZAQSTAN

**Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаханмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.**  
Директордың телефоны 3-04-75  
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.